

Павлодар қаласы Ленин кентінің көшелерін қайта атау туралы

Павлодар қаласы Ленин кенті әкімінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 13 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2–тармағына сәйкес, Павлодар қаласы Ленин кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2023 жылғы 23 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Ленин кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қаласы Ленин кентінің келесі көшелері:
 - "Комарова" көшесін - "Шәмші Қалдаяқов" көшесі,
 - "Космонавтов" көшесін - "Ғарышкер" көшесі,
 - "Макаренко" көшесін - "Ахмет Байтұрсынұлы" көшесі,
 - "Шаталова" көшесін - "Әбілқайыр Баймолдин" көшесі,
 - "Водителя" көшесін - "Сығанақ" көшесі,
 - "Западная" көшесін - "Тараз" көшесі,
 - "Крылова" көшесін - "Алтын сақа" көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ленин кенті әкімінің міндет атқарушы

М. Дюсембекова